


XIX ғасырдағы дәстүрлі айтыс өнері



Орындаған: Есмаханова Нұргүл
Қабылдаған: Әбдір Күлзия



Әдебиеттегі өзгешеліктердің бірі - ХІХ ғасырдағы ақындар айтысы, жалпы айтыс өнері, айтыс өлең фольклористикада, әдебиеттану ғылымында Шоқан дәуірінен бері зерттеліп келеді. Ұзақ уақыттар бойы әдебиетіміздің көп асыл мұрасы сияқты айтыс ауыз әдебиетінің еншісі есебінде зерттелді.



проблемалары

зерттеушілер XIX

дәстүрлі айтыс өлеңмен

сөйлеуге ауысты. Осы

тұсында XIX ғасырдың айтысында

өзгешеліктер, әрине аз емес.

Бірте-бірте зерттеу

кеңі түсті. Жекеленген

айтысының табиғатындағы

өзіндік белгілерін де аша

атап айтар, айқын

күрделеніп, ауқым аймағы

ғасырдағы ақындар

туыс тұсты да, оның

айырым, ажырату


атап айтар, айқын

Айтысты, соның ішінде ХІХ ғасырдағы ақындар айтысын фольклор, ауызша әдебиет аясында ғана қарастыру жеткіліксіз. ХІХ ғасыр әдебиеті бастан кешкен сан түрлі сапалық түр, жаңарып өзгеру, түрленулердің айтыс жанрына да ықпалы тиді



Айтыстың дәстүрлі сипатына қарай, мазмұн, мәніне, орындалу орны, мақсатына қарай түрге бөлінуінде айтыстың табиғатын зерттейтіндердің бәрінің көзқарасы бірдей емес.


А.Байтұрсынұлының айтыс жайлы тұжырымдары ХІХ ғасыр айтысының табиғатын тануда таптырмайтын өлшем үлгісі. А.Байтұрсынұлы ХХ ғасыр басындағы айтыс күйінен «Жазу жайылған сайын айтыс өлең азайып, құруға бет алып барады» деп хабар береді.





Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихында» қазақ әдебиеті үлгілерін қарастырудың негізін салды. Әдебиеті ауызша әдебиет, жазба әдебиет деген үлкен екі салаға бөліп, ауызша әдебиеттің жазбаша әдебиеттен айырмашылығын атап көрсетіп берді.





Ә.Қоңыратбаев ХІХ ғасырда туған айтыс поэзиясын беске бөледі. Ілгеріде айтысты зерттеушілер әдет-ғұрып, қайым, жұмбақ, діни, ақындар немесе бәдік жар-жар, мал мен адам, өлі мен тірі, салт, қыз бен жігіт, ру, совет дәуіріндегі деп жіктегенін, М. Жармұхамедов еңбегінде айтыстың он төрт түрі бар деп көрсетілгенін ескертіп айтады.



XIX ғасырдағы әйгілі айтыс ақындары.



Шөже Қаржаубайұлы



Шөже Қаржаубайұлы 1808 жылы қазіргі Нұра ауданыны жерінде кедей шаруа отбасында туған. Ол қазақ халық ақыны, жыршы. Аталары Қуандық. Шөженің әкесі құлдықта, шешесі күндікте өткен адамдар. Өзі де жасынан жетім қалып, бай босағасында малайлықта күн кешкен. Өлең шығару таланты жас кезінен-ақ байқалған, бала кезінде аурудың салдарынан зағип болып қалған.

Шөже – өрен жүйрік айтыс ақындарының бірі. Айтыстарға катысқанда қалыптасқан әлеуметтік — философиялық көзқарастары болды.


Адамгершілікке жат кесілді кемшіліктерді әшкерелейді.

Шөже



айтыстары өзінің өткірлігімен де,
шынайылығымен де
сыншылдығымен де
Кемпірбай, Тазбай,
Жәңгілбай, Келдібай,
Серәлі, Орынбай, Тазбала және қыз аяуларымен айтысқан.
Ұрандай аяулар 17 рет жеңіп шыққан. Өзінің асқан
шешендігімен, суырып салма төкпелігімен, көкейкесті
мәселелерді қозғауымен және ауылдағы ат төбеліндегі бай-
шонжарлардың екі жүзді зұлымдылығы мен парақорлығын
жұрт алдында батыл аяусыз әшекерелеумен кеңінен танымал
болған.

Шөже айтысқа түсіп қана қоймай, кезінде арнау өлеңдер де айтқан. Оның бізге жеткен бірнеше толғаулары да бар. Олар: «Арқадан шығып едім Ноғайға еріп», «Дәуке, осынша не қылды бейілің қашып», «Домбыра шыққан тыңқылдан», «Жиылған көп жамағат отыр қоршап», «Ассалаумағалайкум, қара Бәйтек», «Бәйтiкке», «Кiм өлсе, соған түсер заман ақыр», «Қос құлаққа», «Ерден батырға», тағы басқалар.



Асқақ жыршы, лирикалық-эпикалық дастандарды шебер орындаушы болған. Абаймен кездесіп, халық эпостарын, әндері мен аңыздарын білетіндегімен оған зор ықпал жасаған. Ш. Ш. Уалиханов 1864 жылы 6 наурызда өзінің Омбыдағы пәтерінде Шөже орындаған «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» дастанының ең таңдаулы нұсқаларының бірін жазып алып, Шөженің ақындық шеберлігіне жоғары баға берген.

Шөже Қаржаубайұлы – ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясының аса ірі тұлғаларының бірі.

1895 жылы қайтыс болған.

Бөгенбайұлы Кемпірбай

Кемпірбай Бөгенбайұлы 1834 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында туылып, 1895 жылы қайтыс болған. Оның әйгілі ақындар Шөже, Тезекбай Әсет, Жәмшібаймен айтыстары халық арасына кең тараған. Кемпірбайдың Шөжемен айтысының аяғы жұмбақ айтысқа айналды. Кемпірбайдың Жәмшібаймен сөз қағысы ру айтысының дәстүрінде өтеді.

Бұл айтыс алғаш «Таң» журналының бірінші санында (Семей, 1925ж), С. Сейфуллин құрастырған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында (А., 1931ж), кейін халық ақындарының айтыс жинақтарында (1939, 1948, 1965ж. т. б) жарияланды.


Әсет ақынның Кемпірбай ауырып жатқанда көңілін сұрай келіп айтқан өлеңі, оған Кемпірбайдың қайтарған жауабы- көркемдік жағынан қазақ фольклорының тамаша үлгілерінің бірі:

*Бөгембай-әкем аты, мен- Кемпірбай
Өзге ақын мен сөйлесем, тұрар былай.
Талабым тәңір берген таудан үлкен
Алмаса өз бақытын қайтып құдай.
Едігедей, Арқалықпен малыма жай,
Арда емген құлыннан жабағыз, тай
Ағайын қайыр берсең өзіме бер,
Кенже ұлы кедейліктің мен Кемпірбай
Бөгембай-әкем аты, Кемпір едім,
Өлеңді кәсіп қылып тентіредім.
Дауысымның келмейтұғын мәнісі сол,
Бақырдан «ұрлық» етін жеңкіредім.*





Орынбай ақын



Орынбай Бертағыұлы 1813 жылы, 30 маусымда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Көлдей елі, Дауқара ауылында дүниеге келген. Ел арасында айтыскер ақын, жырау, әнші, сазгер атағымен танымал болған. Әкесі Байқожа, арғы атасы Бертағы ақын, жыршы болған. Ол ел ішінде Қарауыл Орынбай ақын деген атпен мәлім. 13-14 жасынан өлең шығарған. Шығармаларында өз дәуіріндегі әлеуметтік мәселелерге үн қосып, болыс, аға сұлтан сайлауындағы әділетсіздікті әшкереледі.

Өлген соң бай мен жарлы мал демейді

*Өлген соң бай мен жарлы мал демейді,
Мынаны бер, мынаны ал демейді.
Басына бай кісі өлсе, жастық тастап,
Астына қалың көрпе сал демейді.
Жарлыны, кәне, байдан кем көргені,
Бетіне бірдей қылып өң бергені.
Кигізіп төрт қарыс бөз, кесек жастап,
Құдайдың осы емес пе тең көргені.
Жарандар жат қылмаңдар бір құдайды,
«Құдай» деген пендесін жарылқайды.
«Адам басы - алланың добы» деген,
Соқса да қалай қарай домалайды.*



Сүйінбай Аронұлы



Сүйінбай Аронұлы (1815–1898) – 19-шы ғасырдағы Жетісу ақындарының алтын дінгегі, айтыс ақыны. Алматы облысының Жамбыл ауданында туған. Сүйінбай жастайынан жыраулығымен елге танылды. Жамбыл ақын «Менің пірім — Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай» деп оны ұстаз тұтты. Ақынның арғы атасы Күсең Жиенкүлұлы жауынгер ақын, жыршы, күйші, қобызшы болса, оның үлкен ұлдары Сүйінбай мен Жаманақ қазақ арасына жыршы, қобызшы, күйшілігімен белгілі, ал кенже баласы Арон жастайынан өткірлігімен, мәмлегер шешендігімен ел ауызына ілікті. Атадан балаға жалғасқан ақындық, шешендік өнер Сүйінбайға да дарыды.

Сүйінбайдың өзінен үлкен Жаманшыл, Жұмық деген ағалары, Оспан атты інісі сыншыл, бірқакпай өлеңдерімен ауыл арасына танымал болды. Бұл жөнінде Жаманшыл Сүйінбайға: «Отбасында мен жүйрікпін, шаршы топта сен жүйріксің» дейді екен. Тарихи деректерде Қоқан шапқыншылығының әсерінен жан-жаққа бытырай көшіп, қиын-қыстау кезеңде іргесі ыдыраған қазақ руларының басын біріктіруде Сүйінбай мен Сарыбай бидің ықпалы зор болғандығы айтылады. Осы тұста ақын халықты қоқандықтарға қарсы тұрып, тәуелсіздік үшін күресуге шақырды.





Бақтыбай Жолбарысұлы



Жетісу өңіріндегі атақты ақындардың бірі-Бақтыбай Жолбарысұлы 1842 жылы маусым айында дүниеге келген. Атасы Аңламастан Аю, Жолбарыс, Үден деген үш бала өрбіген. Жолбарыстан Тәттібай тараиды. Ол кезде Талдықорған жағындағы биік-биік таулар ішінде, жырасайларда жо, жолбарыс сияқты ірілі-уақты аң-құстар өте көп болған. Аңламас қарияның балаларын сондай күшті аңдардың атымен атауында гәп бар. Күш пен айланың заманында аю, жолбарыс сияқты батыр туса екен деп армандаған болуы керек, бірақ оның ұрпағынан Бақтыбай сияқты атақты ақын шығарын, әрине, ол білген жоқ



Атақты Тезек төремен айтысынан (1861) кейін Бақтыбайдың Жетісу өлкесінде ақындық даңқы шықты. Арыстан, Жүсіпбек, Әсет, Бейімбет, Қыпшақбай, т.б. ақындармен айтысы суырып салма шеберліктің, тапқырлық пен батылдықтың айқын үлгісі болды. 1991 жылы Текелі қаласында ақын атына көше берілді.

МЕН БОЛДИМ СӨЙЛЕР СӨЗГЕ ШАЛКАН ЖОРГА,
ДАУЛЕТ ЖОК СӨЗДЕН БАСКА БІЗДІҢ ҚОЛДА.
ЖАЛҒАНДА ЖАҚСЫ ДА ЖОК, ЖАМАН ДА ЖОК,
БАРЛЫҒЫ МАНДАЙШАҒЫ БАҚ ПЕН СОРДА

БАКТЫБАЙ

Байқошқарұлы Түбек

Ақын, айтыс

өнерінің көрнекті

ауылында

көршілес, Сыбан

өскен. Жастайынан

суырып салма

ақындығымен көзге

түскен. 15 жасынан

өлеңді жүйріктер ақын алқалы жиындарда көптеген ақындармен


сайысына түскен. Түбектің Тезек төре, Сабырбай, Құлмамбет,

Қарқабат, Қосан, Бақтыбай, Орынбай сияқты танымал жыр

жүйріктерімен айтысына М.О. Әуезов өз еңбектерінде ерекше

тоқталып, Түбектің айтыс өнеріне жоғары баға берген.





Поляк саяхатшысы А. Янушкевич 1848 жылы Семей өңірінде болған кезде Түбек ақынмен кездесіп, бұл туралы өзінің «Қазақ даласына саяхаттан күнделік және хаттар» деген кітабында тебірене жазып, ақын талантына сүйсінген. 1863 жылы Құлмамбет ақынмен Тезек төренің үйінде айтысып жеңіске жетуі Түбектік даңқын бүкіл Жетісу өлкесіне мәшһүр еткен.

1830 жылы Керекуде ақындығымен танылған апалы-сіңлілі Жәкежан мен Айымжандарды жеңген. Бұл жағдайды М.О. Әуезов «Абай жолы» эпопеясында шынайы суреттеген. Түбек ақынның талантына орыстың түрколог ғалымы В.В. Радлов, ұлы ағартушы –педагог Ы.Алтынсарин жоғары баға беріп, оның Жанақ ақынмен айтысын өздері құрастырып, жинақтарға енгізген.

Жолдас болсын иманың


*Ассалаумағалейкүм, Бұғыбайым,
Кімді алмай қояр дейсің бұ Құдайым.
Тірі күнде шақырып, «кел» деп едің,
Батыр-ау, жолыға алмай, болды уайым.*

*Батыр-ау, жатырмысың мені көріп,
Басыңа қонып жаттым сенің келіп.
Тірі болсаң, бір атты мінгізер ең,
Жіберші сол атыңды енді беріп.*

*Бұғыбайдың бергені құла қасқа ат,
Қалсын, балам, артыңда жазылған хат.
Қияметте, Бұғыбай, жолығайық,
Жолдас болсын иманың, жат саламат.*




Нұрым Шыршығұлұлы



Шамырқанса, көңіл көгі найзағайдай
шатырлап, тебіренсе, телегей теңіздей бұрқап, ақ
жаңбырдай ақтарылған, "Атыраудың ақиығы"
атаған ақын, жыраулардың бірі – Нұрым. Ол –
Махамбет пен Абыл, Қалнияз бен Шернияз сияқты
халық мұратын жырлап өткен көрнекті сөз зергері.
Нұрымды көре қалғандардан аз да болса бағалы мәлімет
қалдырған Мұрын жырау. "Нұрым денелі, шоқша сақалды,
жазық маңдай, қыр мұрын, қияқ мұртты кісі еді, – дейді ол,
– жиын-тойда домбырасын алып, суырып салып қоя
беретін, салмақпен төкпелеп айтатын. "Абыл ақынның
қасына 17 жасымнан ердім. Бес жыл бірге жүріп, бата
алдым", – деуші еді.

Қашаған Күржіманұлы



Қашаған Күржіманұлы 1841 жылы Түрікменстанның Ташауыз қаласының маңында туған. Ол жалшы отбасында дүниеге келіп, жастай жетімдік, жоқшылықтың тауқыметін ерте тартқан.

Қашағанның шығармалары тұңғыш рет 1935 жылы «Әдебиет майданы» журналында (№5) жарияланды.

Қашаған Күржіманұлы - өз кезеңінің белді, дәуірінің әлеуметтік мәселелеріне үн қоса білген кең тынысты ақыны. Ол 1929 жылы Маңғыстау түбегіндегі Қырықкез деген жерде қайтыс болған.

Дауылұлы Шаубай деген байдан Қашаған соғымдық мал сұраса, ол арық лақты ешкі беріпті. Ақын оны саудагерге әкеліп, Шаубай сараңдығын жиналған көпке айтып береді:

*Саудагер жігіт, құлақ сал,
Мынау Шаубай бай берген қара ешкі,
Әр жері шұбар ала ешкі.
Аузын ашып қарасам,
Дауыл түгіл, оның әкесі
Ержанның тұсында да бар ешкі.
Соңында бар лағы,
"Шек"дей келіп ақырсам,
Тіпті есітпейді құлағы.
Сатайын деп екеуін,
Өзіңізге келіп отырмын.
Екеуі төрт кез матадан*

*Артыққа міне өтпейді,
Бес кез матаға жетпейді.
Шаубайдың берген жәбірі
Тіріде естен кетпейді.
Сояйын десем, жануар,
Борбайында дымы жоқ,
Сорпаға шығар шыры жоқ.
Қабыртқалары қасықтай.
Омыртқалары асықтай,
Жей алмай тұрмын жасықты-ай.
Талай топқа салармын,
Тұра тұр, Шаубай, асықпай.*

Қашаған жырау




Тойбастар

Біржан мен Сара



ЖАН
РА




Біржан мен Сара айтысы – өзiнiң құрылысы мен мазмұны жағынан болсын, көркемдiгi жағынан болсын, қазақтың ақындар айтысының iшiндегi үздiгi. Біржан мен Сара айтысы айтыстың екi түрiнде (қыз бен жiгiт айтысы, ақындар айтысы) толық қамтиды. Бір жағынан, бұл шаршы топта сөз таластырған саңлақ ақын жiгiт пен шешен ақын қыздың дарынды айтысы болса, екiншi жағынан, ру атынан сөйлейтiн екi ақынның да айтысының үлгiсi болып саналады.

Біржан да, Сара да – көпке мәлім, тарихта белгілі адамдар. Біржан сал Қожағұлұлы бұрынғы Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданында 1834 жылы туып, сол жерде 1897 жылы қайтыс болған. Біржан жас шағынан әнге, өлеңге әуестенеді. Өнер жолына түскен табиғи талант иесі көп ұзамай-ақ, әнші ақын, сал Біржан деген атаққа ие болады. Ел аралап, ән салып, айтысқа түсіп, ойын көркі, той көркі атанады. Арқаның ардагер әнші-композиторлары Жарылғапберді, Ақан, жаяу Мұса, Балуан Болақ, Естай сияқты өнерпаздар Біржанның әншілік мектебінен шыққан. Біржан көптеген ән шығарды. Оның «Көкшетау», «Жанбота», «Ләйлім шырақ», «Адасқак», «Жамбас сипар» сияқты әндері – қазақ музыка мәдениетінің алтын қазынасына қосылған үздік туындылар.



Біржанның басқалардан ерекшелігі – ол жай ақын ғана емес, сонымен бірге әнші де. Оның даңқы – әуелде әнмен жайылған адам. Бірақ ол – әнді әрі шығарушы, әрі тамаша орындаушылығымен қатар, әніне лайық сөз өрнегін, бояуын таба білген ақын да. Біржан мен Сара айтысындағы асқақ, өр сөздердің түп-тамыры да осы қысқа-қысқа ән мәтіндерінде жатыр. Біржанның Сарамен айтысы – бүкіл халық игілігі, халықтың тамаша сүйсініп тыңдайтын өлеңі болады.





Сара Тастамбекқызы бұрынғы
Талдықорған облысы, Ақсу ауданында туған.
«Тұрмыстан туысымен таяқ жедім» деген Сара
жастайынан әкесі қайтыс болып,
жоқшылық тақсіретін тартады. Ән мен күй,
асқақ жыр өнерлі Сараны ынтықтырып, оны өз
биігіне бастайды. Сара талай белгілі
ақындармен сөз сайысына түскен, талай
жүйріктерге алдырмаған.





НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!

